43. ҚАРҒАШ

Орындаған Қайрат Байбосынов

Орташа, шалқыта

Ақ ди-да-рын көр-ген-д(е)ей тұ-р(а)ал-май-мын-ай,

Сен-сіз жер-де сал-та-нат құ-р(а)ал-май-мын а-

ай. Сен е-сі-ме түс-кен-д(е)ей беу қа-ра-ғым-

ай, Ке-ме-сін-дей да-рия-ның бұ-ран-дай-мын ау-

ай. А-хоу а-хо-оу Қар-ғаш а-ай, хау-лім-ли-лай,

ха-ли-ла ләй-ләй, ха-ла-лоу, әри-даш ау-ай.

Ақ дидарын көргенде тұра алмаймын,
Сенсіз жерде салтанат құра алмаймын.
Сен есіме түскенде беу қарағым,
Кемесіндей дарияның бұрандаймын.

Жылқым жатыр Аққөлдің шаңдағында,
Кімдер сері болмайды бойдағында.
Қыз кеткен соң ауылдан қызық кетер,
Келіп-кетіп жүрсеңші ойнағыңа.